

В статье рассматривается религиозная лексика, встречающаяся в повести писателя Толегена Кажыбая «Аран» с целью изучения духовного богатства народа через язык.

В произведении писателя рационально использовались религиозные понятия для описания персонажей, отражения их поступков, изображения сцен голодного времени. Писатель описал состояние и быт героев повести с помощью казахского мировоззрения. В то же время, несмотря на трудные времена, он выделял религиозную культуру, такую как погребальный саван, похороны, соболезнования, заупокойная молитва. В этой статье из отрывков из повести "Аран" можно проследить тесную взаимосвязь понятий религия, культура, язык. Анализируются используемые автором религиозные языковые единицы из словаря заимствованных слов, словаря исламских терминов и словарей казахского литературного языка.

Ключевые слова: этнокультурная лексика, лингвокультурема, национальное мировоззрение, теология, теолингвистика, религиозное понятие, ислам.

Материал поступил в редакцию журнала 22.06.2023

Religious edification in the works of T.Kazhybai

R.Zh. Kiyakov¹, G.Sh.Shakhmanova¹, T.Berikbol¹

¹ Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The article examines the religious vocabulary found in the novel of Tolegen Kazhybai "Aran" in order to study the spiritual wealth of the people through language.

In the writer's work, religious concepts were rationally used to describe the characters, reflect their actions, depict scenes of the times of hunger. The writer described the state and life of the heroes of the story with the help of the Kazakh worldview. At the same time, despite difficult times, he emphasized religious culture, such as the funeral shroud, funerals, condolences, funeral prayer. In this article, in the story "Aran", one can trace the close relationship between the concepts of religious, culture, and language. The article analyzes the religious linguistic units used by the author from the dictionary of borrowed words, the dictionary of Islamic terms and dictionaries of the Kazakh literary language.

Key words: ethnocultural vocabulary, linguoculturema, national worldview, theology, theolinguistics, religious concept, Islam.

Received: 22.06.2023

XFTAP 17.09.91

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss3pp110-121](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp110-121)

Б.Б.Тагудретова¹, Ж.Т.Қадыров²

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

²М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, 150000, Қазақстан Республикасы

МАРХАБАТ БАЙҒҰТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПОРТРЕТТІҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

Мақалада жазушы Мархабат Байғұттың портрет жасаудағы шеберлігіне жан-жақты талдау жасалынады. Әлемдік әдеби дамуда портрет уақыт алға жылжыған сайын күрделене түсіп, психологиялық тереңдікке ие болған. Мархабат Байғұт шығармаларында

да портреттің кейіпкер мінезін ашудағы орны үлкен. Онда жалпы портретке тән дәстүрлі сипаттармен бірге жазушы қаламына тән дара белгілер де көп.

Ғылыми зерттеуде көзделетін мақсат – жазушы шығармасындағы портреттердің тек кейіпкердің сыртқы келбетін суреттеу ғана емес, оқырманның кейіпкерді тереңірек тануына, оның ішкі жан дүниесіне енуіне, оның іс-әрекеттерінің мәнін ұғынуына, автор ниетін анықтауға жол ашатын көркемдік құрал екендігін де көрсету. Сонымен қатар, портреттік суреттеулердің эмоциялық әсері мен тілдік кестесін де айқындау мақсаты алға қойылды. Мақаланың ғылыми және практикалық маңызы Мархабат Байғұт шығармаларын одан әрі тереңдете зерттеуге мүмкіндіктер туғызатындығымен, оны оқу үдерісінде қолдануға болатындығымен айқындалады. Зерттеу жұмысында талдаудың жалпы ғылыми әдістері қолданылып, отандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалынып, пікірлері назарға алынды. Жазушының өзіндік соны тақырыбы, идеясы, тұжырымы, айтары мол көркемдікке толы шығармалары ғылыми жүйеге объекті болатындай өміршең әрі тың дүниелер екендігі тұжырымдалды. Мархабат Байғұт шығармашылығындағы портреттің алар орнын талдау әдебиеттану саласындағы стиль және тіл мәдениеті теориясын толықтыруға үлес болып қосылары сөзсіз.

Кілт сөздер: көркем проза, портрет, портрет түрлері, автор, көркем бейне, стиль, характер, портреттік деталь.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

М. Байғұт қаламынан туған қай шығарма болмасын оқырманын бірден қызықтырып, баурап алады. Оның басты себебі, жазушының өмір құбылысын шыншылдықпен суреттей алуында. Суреткер қаруы сөз екенін ескерсек, автор қарапайым тілмен ғана ғажап көркем бейне жасауға шебер. Қаламгердің жасаған әр кейіпкері өзінше ерекшелікке ие. Кейіпкер бейнесі, көркем бейне – әдебиеттанудың негізгі зерттеу пәндерінің бірі екендігін ескере отыра, М.Байғұт шығармаларындағы портреттің берілу жолдары, оның көркем бейне жасаудағы қызметін зерделеу, өзіндік дара стилін бағамдау мақсат етіп алынды. Автор портрет арқылы адамның сыртқы пішінін жалаң етпей, ішкі жан-дүниесінен де хабар береді. Біз портреттің теориялық негіздерін сөз еткен Л.Ю. Юркинаның, З. Қабдоловтың, Ә.Тарақовтың еңбектеріне тоқталдық. Л.Ю. Юркина портреттің адамның ішкі әлемін ашудағы қызметі басты орында екенін көрсетсе, З.Қабдолов көркем әдебиеттегі портреттің динамикалылығына, кейіпкердің қимыл-әрекетімен астасып жататына басты назар аударған. Ал Ә.Тарақов портреттің кейіпкер даралығын айқындаудағы қызметіне басты назар аударған. Біз олардың концепциялық ойларын негізге ала отырып, портреттің өзге бейнелеу түрлерімен, әсіресе, кейіпкер әрекетімен, монолог, диалогтармен тығыз байланыстағы синтактикалық қызметіне көбірек назар аудардық. Сондай-ақ портреттің детальға байлығын, шығарма идеясы мен пафосына қатыстылығын, көбінесе соған бағыныштылығын көрсетуге тырыстық.

КІРІСПЕ

Әдебиетте көркем образдар жасаудың түрлі әдістері бар. Суреткер көркем бейнені сан алуан жолдармен бере алады. Ол диалог, монолог, пейзаж, портрет, мінездеу, көркемдік деталь т.б. тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл жазушының сөз шеберлігіне, көркемдік ойлау дәрежесіне байланысты болады.

Кез келген жазушы шығармашылығының даралығын айқындау мақсатында нақты бір жанр өзіндік ерекше мәнділікке ие болары анық. Шығарманың көркемдігін арттыруда, портрет образдың құрамдас бөлігі ретінде кез келген қаламгер творчествосынан маңызды орын алатын тәсілдердің бірі әрі бірегейі.

Алдымен, портрет дегенде біздің көз алдымызға кескін өнеріндегі портрет елестейді. Бұл портреттің ерекшелігі – өзгермейтіні, бір сәттік қалыпты қамтитыны белгілі. Ал сөз

өнеріндегі портрет – бір қалыпта қатып тұрып қалмайтын, өзгеріс, қозғалыс үстінде, уақыт ағымының аясында ашылатын кескін. Сөз өнеріндегі портрет – кейіпкерлердің сыртқы келбетін, бет пішінін, киімін, дене бітімін, қимыл мәнерлерін бейнелеу арқылы оларға деген идеялық бағалауды танытатын көркемдік сипаттау құралдарының бірі. Мұндай портрет бейненің сыртқы келбетін жасаудың бір жолы ғана емес, кейіпкердің жан-дүниесін, психологиясын оқырманына жайып салады. Демек, портрет кейіпкердің сырт бейнесі мен ішкі жан дүниесін ұштастырып қана қоймайды, жазушының да жеке тұлғалық танымы мен талғамын танытатын қасиетке ие. Әдебиеттанушы З.Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде әдебиеттегі портреттің өзге өнер түрлерімен салыстыра келіп, «сөз өнеріндегі портрет бір қалыпта қатып тұрып қалмайтын, өзгеретін, қозғалатын жанды келбет, тірі кескін» [1, 280] екенін айтып, портретке тән ерекшеліктерге назар аударады.

Бірде-бір сюжетті шығарманы портретсіз елестету мүмкін емес. Портреттің ең маңызды рөлі – кейіпкерді сипаттау. Автор портретті шығарманың *кейіпкері* ретінде қолданғанда оның қандай да бір қызметін көрсетеді. Сыртқы көріністер арқылы образдың психологиялық мазмұнын, ішкі мәнін көрсетуде жазушы мықты психолог та бола алуы қажет.

Зерттеуші Л. Ю. Юркина: «Әдебиеттегі адамға деген басты қызығушылық оның сыртқы келбетіне емес, ішкі әлемінің ерекшеліктеріне бағытталған. Бірақ портрет орын алған шығармаларда ол персонаж бейнесін сомдаудағы басты құралдардың біріне айналады» [2, 185] – деп, портреттің өзіндік орнын көрсетеді.

Ұлт руханиятының дамуына үлкен үлес қосқан белгілі жазушы Мархабат Байғұт шығармалары кейіпкер мінезін ашатын көркемдік құралдарға өте бай және олардың басым бөлігі жазушы дүниетанымымен сабақтасып жатады. Соның қатарында жазушы сомдаған портреттердің орны ерекше.

Әдебиеттің басты пәні адам, жан-дүниесі десек, жазушы әңгімелерінде осы ұстанымға беріктік байқалады. Қаламгер өзгеге ұқсамайтын, бір-бірінен ерекше келбет, мінез-құлқымен ерекшеленген, еш қайталанбайтын кейіпкерлер галереясын жасайды. Мақалада М.Байғұт кейіпкерлерінің сыртқы бейнесі, оның психологиямен, мінез-құлықпен тығыз байланыстылығы талданады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Мақалада қаламгер М.Байғұттың прозалық шығармаларындағы кейіпкер образын ашудағы портреттің қолдану шеберлігі талданып, зерделенеді. Жазушы оқырманға адамның ішкі әлемі, басқа адамдармен қарым-қатынасы жайлы шындықтың таныс-бейтаныс сәттерін эсерлі жеткізу үшін кейіпкердің сыртқы келбетін, әдет-дағдыларын, бет қимылын жиі суреттейді. Талдау барысында М.Байғұт жиі қолданған портреттік бейнелеудің түрлі үлгілері жүйеленіп, іріктелді. Зерттеу барысында жазушы шығармашылығына баға берген Д.Исабеков, Б.Жақып сияқты қаламдастарының, сыншы-ғалымдардың пікірлері, қазақ және шетел ғалымдарының теориялық көзқарастары басшылыққа алынды. Жұмыста сипаттау, жүйелеу, сараптау, тұжырымдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Көркем шығармадағы басты нысан кейіпкер екенін ескерсек, оның іс-әрекеті, сыртқы келбеті, киім үлгісі сияқты көрнекі сипаттарынан мінездегі ерекшеліктерді, ішкі жан-дүниесіндегі құбылыстарды ойша тануға жол ашашатын портреттің маңызды қызмет атқарары сөзсіз. Қара сөзбен жасалған портрет жазушының эстетикалық таным деңгейі мен қабілет-қарымын танытатын өзгеше көркемдік құрал. Кейіпкердің сыртқы келбеті ешқашан мақсатсыз суреттелмейді. Әр образдың дара сипаттарынан тақырыпқа алынған заманның айқын бейнесін, сыр-сезімін, психологиясын тануға болады. Портрет соған айрықша қызмет жасайды.

Портрет – образдың аса маңызды бір бөлігі. Автор оқырманы үшін үнемі кейіпкердің сыртқы келбетінің алғашқы сипаттамасына сілтеме жасап отырады. Адам жанының ішкі бір тылсым құпиясын ашудың, оны оқырманға танытудың бастапқы кілті сияқты қызмет атқаратын портреттің өмірлік танымдық қызметпен орайластығы бары да анық. Өмірде де барлық нәрсені тану пішіндік сипатқа назар салудан басталатыны шындық.

М.Байғұттың дара қолтаңбасы портрет жасаудан анық байқалады. Ол портрет жасауда көп сөзділікке үйір емес және көпшілікке әбден таныс реалдарды оқырман назарына қайта ұсынып отыруға бейім. Күнделікті тұрмыс-тіршілікте жиі қайталанатын әрекеттер, кескін-келбет, қимыл дағдыларын суреттеу арқылы психологиялық күй мен қалыпты жиі танытып, өзі білетін шындығын өзіне ұсыну арқылы оқырман жүрегіне жылылық ұялатады. Бұл портреттерде автордың ой-ниеті бейнеленіп отырған тұлға мінезін ашумен қатар айқындалып отырады.

«Киім кию үлгісі сырт көзге оғаш көрінгенін сезгеннен бастап мектептен кетуді ойластырған... Бәтеңкесінің табаны тесік болатын, бірақ жылбысқы сүрлеу астында жаз мезгілінен жеткен жылу мол еді. Сыз астында тұншыққан сағыныш секілді әлдененің кеудесін сыздатпай қоймады... Тарам-тарам жас арасынан төменге тесіле қарап, о бастан-ақ жалтыр қоңыр болған, қазір ақжемденіп, тұмсық тұсына дейін сырты ойылып қалған бәтеңкесіне көз салды. Бесінші сынып оқып жүргенінде Сағымкенттен әкесінің өзі әкеліп берген бәтеңке ғой» [3, 95]. Бұл – жазушының «Қозапая» атты әңгімесінің алғашқы жолдары. Жетінші сынып оқушысы Есқараның бейнесін осылай оқырман көз алдына алып келеді. «Есқара мүлдем жалғыз. Достары да жоқ. Жастайынан қоза терумен айналысады. Анасы сауданың соңында, мүлдем хабарсыз. Аға-әпкелерінің де тұрмысы нашар. Мектепті тастап, мақта теріміне шығып кетейін десе намыс оты жібермейді. Әкесінің де бір көңілі түсіп, баласын бастан-аяқ киіндіремін деп жүргенде бар арманы көкке ұшты. Тіпті, қозапая тасуға *тендер* жариялаған уақыт еді. Нарық заманына икемделе қоймаған Есқарадай бала мен Ерсәлімдей әкелер көп еді сол тұста... *О баста жалтыр қоңыр болған бәтеңке* алдағы жарқын өмірдің алтын сәулесіндей әрі Есқараның бақытты күндерінің бір айғағындай болып көрінеді». Автор әкесінің бейнесін әңгіменің орта тұсында екі ғана сөйлеммен оқырманына танытады: «... ол көбінесе суық жымылып, өте сұсты көрінетін, көңілі түскенде ғана жаймашуақ күйге енетін әкесі еді» [3, 95]. Күнде мажар арбаны үш рет толтырып, мақталықтардың басынан Ешкіліге әкеп түсірмек ирелеңдеген ұзын, әрі жіңішке әкесіне жеңіл болмайтыны анық [3, 9] – деп, Ерсәлімнің сырт бейнесін суреттеу арқылы оның өмірінен, тұрмыс-тіршілігінен де хабардар етеді. Авторлық баяндаулардан кейіпкердің көңіл-күйін, мінез-құлқын, ішкі рухани болмысын көреміз. Сонымен қатар, жазушы біздің көз алдымызға бір ғана *табаны тесік, тайғанақ бәтеңке* арқылы замана қасіретін айқын елестетеді. Жазушы негізгі кейіпкердің портретін суреттегенде олардың сырт бейнесіндегі өзіндік даралық пен шағын детальдарға ерекше мән беріп, әлеуметтік жағдайын да аңғартуды көздеген.

Қаламгердің өзекті ойын айқындап, шығарма табиғатына еркін үңілуде, әсіресе портреттік детальдың орны ерекше. Ол жазушының үлкен шеберлігін танытады. Автор портрет жасауда көлемі қысқа ғана әңгімелерде детальды ұтымды қолданған. Портреттік детальдер Мархабат Байғұт шығармаларында жиі орын алды. Көркем шығармадағы бір сәтті детальдің өзі кейіпкер образын беруде ұтымды рөл атқарады. Бұл да – портретке тән әдіс. М.Байғұттың қай шығармасынан болмасын қоғам, замана тынысы еркін сезіледі және ол кейіпкерлердің іс-қимылдары, сөйлеу мәнері арқылы терең ашылып, көркем шығарманың идеясын беруге, мазмұнын ашуға септігін тигізеді. Мысалы, «*Тәржіман тірлік*» әңгімесінде елге жаңа бастық сайланған тұстағы адамдардың психологиясын былай суреттейді: «Сол күннің ертесінде түскі уақытта жаңа басшы тағайындалды. Бесін уақытында кара түсті қалтафондарын құлағына бірнеше рет апарып, сусымалау суықтау көрінетін жылтыр кара кәстөм шалбарының терең терең қойнауларына қайта қайта қол жүгірткен өзге бір адамдар көбейіп кетті» [3, 253] – десе, «...арада үш ай өте салысымен үлкен кеңсеге өзге бір басшы тағайындалды. Қызылбудандана қызуланып сөйлейді екен. Тағы да сол қалпындағыдай, бесін ауып үлгермей-ақ қызылқошқыл қалтафондарын құлақтарына тосқан, кәстөмдерінің

бір жеңдерін ішіне бүгінкіреп ұстаған біреулер пайда болған» – дейді [3, 253]. *Қарақошқыл, қызылқошқыл телефондар, кәстәмдерінің бір жеңдері ішіне бүгінкіреп ұстаған біреулер* деген детальдар арқылы 5-6 беттік әңгіменің идеясын оқырманына жеткізіп отыр. Ел өміріндегі оғаш істерді, әкімдік басқару жүйесінің іске асырылуы тұсындағы көлеңкелі жақтарын әшкерелеп, заманауи шындықтың бетін ашуға тырысқан. «Бір бастықтың қайта-қайта ауысуы елге еш өзгеріс әкелмегендігінің айғағы. Клуб меңгерушісін қайта даярлайтын арнайы курста жағасы кестеленген аппақ жейде киетін, сол уақыттың сылқым серісі атанған, әншілігі бір төбе аққұба жігітті, бүгінгі күні толығымен өзгеріп кеткен Қалдыбайды бетінің ұшындағы қоңыр алшадай қара дағынан таныды» [3, 92]. Кейіпкердің бет-әлпетіндегі бір ғана қара дақ өткен өмірінен қалған естеліктей көрінеді. «Кенеттен шай тез арада сұйылып үлгерді. Дастарқанға шақпақ қант емес, құмшекердің қойылғанын ұнатпаған Нәтибек енді Пәтиманың түріне көз тастаса, қисайыңқырап, төркінінің ауылына қарап жайғасыпты», – деп Нәтибектің көзімен Пәтиманың ішкі әлеміндегі мазасыз күй мен көңіл алаңдаушылығын аңғартады [3, 111]. «*Ауыл клубының аукционы*» әңгімесіндегі *Қалдыбай* бейнесі, «*Гамбургтердегі қазақтардағы*» Пәтиманың әрекеті портреттік детальдың кейіпкер сомдаудағы маңызды элементтердің бірі екендігін дәлелдей түседі.

Жазушы шығармаларында кейіпкер бейнесін ашу үшін авторлық баяндаумен бірге монолог та алмасып отырады. Әдеби туындыдағы портрет тек сырт пішіні мен киімі арқылы ғана емес, оның жүріс-тұрысы, дауысы арқылы да беріліп жатады. Оған «*Сүмбіленің суы*» әңгімесіндегі мына жолдар дәлел бола алады: «Қолым мен аяғым қытайша емес, қазақша дірілдеп, жұлыным мен жүйкем жапонша емес, қырғызша қалтырап, көзімнің алды тұманданып, жанарымнан жас тоқтамай, енді біттім, әттең-ай, демекке кете бергенімде, кенеттен қанат байланғандай қалықтауға көшіппін. Дүрсілдей соққан жүрегімді эзер дегенде басып, көзімді ашып, құс қалықтар биіктен Ыстықкөлдің айдынына қарадым соңында» [3, 105]. Жазушы адамның ой-санасындағы сан алуан құбылыстарды, осылайша өзіндік танымымен шебер жеткізеді. Ешкімге ұқсамайтын, тапқыр сөз иірімдері ерекше талғампаздықпен берілген.

Адамның көңіл-күйін, мінез-құлқын, кейіпкердің жүрек түкпіріндегі шынайы, жарқын келбетінің көрінісін танытуда, белгілі бір сәттердегі сезімін қысқа да нұсқа, әрі мағыналы бейнелеуде диалог таптырмайтын ерекше әдіс-тәсілдердің бірі.

М.Байғұт шығармаларындағы портреттік сипаттарды анықтаған тұста жанды сурет, шынайы адам бейнесі көз алдымызға көлбеңдеп тұра қалады. Жазушы кейіпкерінің сыртқы бітімінен бөлек, оның ішкі болмысын, жан дүниесін диалог үстінде, үнемі іс-әрекет барысында ашады. Портреттің диалогпен аралас қоса өріле берілуі жазушы шығармалырынан жиі орын алып жатады. Оның жарқын бір мысалын «*Асқазаны ауыратын адамдар*» әңгімесіндегі бас қаһарман *Сарыағаш* санаторийінде Нәзияны алғаш жолықтырған тұстан көреміз.

«– Ағай, мен сізге жолығуға келіп едім, – деді ақ бас киімнің ақ қанат жарғағын бір жақ шетінен шымшылап ұстап, алтын басын сәл ғана иіңкіреген таңғажайып талдырмаш. Кеуде тұсына кітабын барынша қысып.

– Маған ба?! – деп таңдана сұрақ белгісі мен леп белгісін қатарластыра қолданып.

– Сұлу қыз сәуірдегі уыз секілді сүйкімді әрі жас екен. Шақшадай басым шыр айнала түсті. Маған жолығуға келген екен. Осындай қыз. Өзі. Сене алмадым.

– Сіз мені танымайтын боларсыз, ағай, – деді күлімсіреп. Сол қолында тұрған сұрғылт сөмкесін сәл қозғап қойды.

– Тануыңыз да мүмкін?

– Шынымды айтсам, тани алмай тұрғаным, — дедім асқазанымның іші ме, әлде сырты ма, қатты қызғаны бетімнен білініп тұрғандай ыңғайсыз күйге түсіп.

– Ендеше, танысып қояйық, – деді таңғажайып талдырмаш Нәзия» [3, 347]. Бұл эпизодтағы әр кейіпкердің портретін даралап ашуға ұмтылуы әрі ішкі алаңдаулы көңіл мен алып-ұшқан сезімдерді шынайы суреттеуі үлкен шеберліктің нәтижесі.

« – Мектептен қашып, қайда барасыздар? – деді күпәйкесін қаусырынып, мұрнын жағасына тығып алып, сақалы төрт-бес күннен бері алынбаған жігіт.

– Мектептен қашатын сен дейсің бе жұрттың бәрі? – еді бұрыштағы жүдеу кескінді адам.

– Кімсіңдер, әй? Екеуіңнің де түсің суық қой, жүдә? – деді тағы біреуі. Даусы жіңішке, әйелдікіндей екен.

– Интернаттың балдарымыз. *Еңбекке*, әпкемізге барамыз, – деп жөн айтты Тәжен.

– Ашыққан екенсіңдер, ә? – деді күпәйкесіне мұрнын тыққан жігіт. – Әпкелерің сақтаған жыл-жұмсақты жеп, жезделеріңнің қалтасын қағып, екі күн сабақтан қалып, қызара бөртіп қайтасыздар. Солай ғой?

– Енесатива кімнен болар екен деп отыр ем, – деп ортадағы семіз сары қойын қалтасынан шөлмек суырды» [4, 318]. Кездейсоқ жолда жолыққан бейтаныс жігіт пен балалар арасындағы шағын диалогпен қатар берілген портреттік суреттеуден жағымсыздау әсер тудыратын бейнесін жасап, әрі олардың сөйлеу дағдысы мен киімінен, өзін-өзі ұстауынан хабар бере отырып, оқырманды ары қарай не болады екен-ау деген қызығушылыққа жетелеп, жұмбақ сырдың шетін шығарады.

Әйел адамзатының бет-бейнесін, ажарын, көркін бейнелеп, көркем портрет жасау – әдебиетте бұрыннан бар. Ауыз әдебиетінен бастау алған дәстүр, қазіргі кезеңде де өз жолын жалғап келеді. Оны, біз сөздің қадір-қасиетін анық, терең түсінетін, халқымыздың әсемдіктің табиғатын, сөз өнерінің асқақ рухын көркемдік тұрғыда айқын танытатын айрықша көрінісі деп ойлаймыз.

М.Байғұт шығармаларын оқығанда оның сөз саптау сипатынан портрет жасаудағы өзіндік жазу стилі, ерекшелігі танылады. Прозалық шығармаларындағы Мархабаттың дара қаламына ғана тән даралық, қиял мен кестелі сөз орамдары ойымыздың айқын дәлелі бола алады. Жазушы прозасында әйел портреті өте жиі суреттеледі. Айымбала, Айкенже, Қалдыкүл, Тазагүл образдары өзінің толықтығымен, адамның ажарындағы өзгеше сипаттарды саралап бейнелейтін ерекшелігімен мейлінше көзге түседі. Әйелдің нәзіктігін, наз сырларын, ішкі жан сұлулығын, қасиеттерін қастерлеу айқын көрініс табады. М.Байғұт әйелдің көзін суреттегенде көбінесе бота көз, күлім көз, қара көз, құралай көз деген дәстүрлі сөз сипаттарын қолданады. Аз сөзбен көп мағына аңғартады. Мұндай сипаттаулар әйелдің сүйкімділігін, байсалды көзқарасын, кей сәтте тәкаппарлығын танытатын әдемі күлкісін, мөлдір қара көздерінің сәулелі нұрына толы жанарын тірідей көз алдымызға алып келеді. Ақылына көркі сай, оқымысты, кітапқұмар талдырмаш Айкенже қыздың бейнесі де құдды бір сурет секілді. «Міне, сен кітапты кеуде тұсыңа басып, көкірегіңе қысып, ұяңдана күлімсіреп қоясың. Сенің кітапты сипаған саусағыңа, кітапты аялаған алақаныңа, кітапты ұстаған қолыңа, кітаптың өзіне тиіп кететін иегіңе де, кітаптың жиегімен тыныстаған танауыңа да, қасыңа да, шашыңа да көз салмау мүмкін емес қой» [3, 240]. Одан әрі, «Ақ маңдай» деп сенікі секілді ай маңдайды айтатын шығар. Қасыңды қиылып қалған деуге келе қоймас. Оны тәртіпке түсіріп әуре болмайтының білініп тұрды. Астыңғы ернің әдемі дымқылданып, төменге тартады, жымыып, қайта жиып алатының сондай керемет» [3, 240] – деп, Айкенженің сұлулығын әңгіме соңына дейін суреттеумен оқырманын тәнті етеді. «*Айымбала*» әңгімесіндегі басты кейіпкер Айымбаланың да бейнесі өз алдына бөлек. «Жасыл плащын талдырмаш белінің тұсынан қымқыра буғаны, қоңыр ала орамалын тамағына орағаны желді күнгі табиғаттың жалпы жағдайына жарасып тұр. Қызылқошқыл қызғалдақтың гүлшанағынан орап жасағандай еріндері дымқылдана сәулеленіп тұратынын да байқамау мүмкін емес» [3, 72-73]. «Әне, алақан аумағындай үлкен жапырақтары жалтыраған тұт ағаштардың қасындағы кішкентай жиек жолмен Айымбала тербелтіліп келеді. Сәл бұйра көрінетін қара шашына, қызғалдақтың гүлшанағынан әдейі жасап алғандай қызылқошқыл, сәл дымқыл еріндеріне, Ташкент шаһарының сәнімен тігілгендей атлас көйлегіне тізілген тұттардан кейін ақ теректің өзі де аңтарылар» [3, 78] – деп, жай суреттеп қоймай, қыздың сұлулығын табиғаттың сұлулығымен астастыра береді. Сұлулық қасиетін

табиғатқа жан бітірумен бірге сезіндіреді. Қыздардың бойларындағы көрікті тамаша, әсерлі етіп бейнелейді.

М.Байғұттың көріктеу құралдарын пайдаланудағы ерекше шеберлігі – адамның мінезін, адами қасиеттерін барынша ашып көрсету үшін де қолдануы. Жазушы кейіпкер бейнесін беруде теңеулерді жүйелеп, өзіндік талғаммен оңтайлы пайдаланып, соның негізінде сөздің әсерін күшейтіп, кейіпкердің сыртқы бейнесіне қанық қылады. Суреттеліп отырған кейіпкердің бет бейнесін, жүріс-тұрысын көз алдымызға анық әкеліп, дәлме-дәл, нақты сипаттап береді. Мысалы: *«Жаңа келген ферма меңгерушісі жап-жас, бірақ Шотбектей емес, шоң желке, екі қолы шоқпардай, қызыл шырайлы жігіт»* [4, 171], *«Бетінде бармақтай меңі бар, тойыс қалы, атын әкесі Қалдықұл қойған екен»* [4, 15], *«Көзі шүңірейіп, ұзын мойны ырғайдай болып жүрген жігіттің үні қарлығып шықты»* [4, 100], *«Қаққан қазықтай қақиып қалғанын қарашы көкбеттің»* [4, 39], *«Әйнектен сары бұйра шашты, көзі Қоғалының аспанындай көкпеңбек шопыр басын шығарды»* [4, 241]. Академик З. Қабдоловтың *«Жазушының тілі көркем, сөздік қоры мол болу керек. Бұл – қалам иесіне қойылатын басты талап. Тілдің байлығы сөз өнеріндегі мазмұнның байлығына алып келеді. Ал халық үшін қажетті шығарма – мазмұнды шығарма»* [5, 114], – деген пікіріне сүйенер болсақ, Мархабат Байғұт осы тұжырымға толық жауап бере алатын талант иесі. Әсіресе, кейіпкер портретін беруде көркемдеу құралының ең ұтымдысын, құндысын тауып, үлкен талғампаздықпен қолданады. Сөз шырайын келтіретін эпитеттері өте шебер, орнымен үйлесіп тұрады. Мысалы: ақ тамақ, қызыл ерін, кебіс-мәсі, алтын тіс, тұзу балтыр көз алдымда шым-шытырық араласқандай, көзімнің алды тұманданып кете бардым [4,73]. Бір сөйлем ішінде бірнеше эпитетті қатарынан қолданып, кейіпкердің сұлулығына оқырманын тәнті етеді: *«Айдың сүт сәулесіне батырып алғандай ақ бидай қыз күлімсірей түсіп, студенттік билетіне қолын созған»* [3, 238]. *«Бұлтиған бет ұшы қып-қызыл. Көзімді ақырын ғана ашып қарасам, қарсымда қара көздері мөлдіреп, әп-әдемі тәмпік танау қыз тұр. Орнымнан ұшып тұрып, ыңғайсызданып қалғанымды білдім»* [4, 106]. *«Ол шалқасынан жатыр екен. Бұрыл шоқша сақалы бұрынғыдай тіп-тік емес, ұйпаланып сойдиган иекке жабысып қапты. Қалың қастарын серпіп тастап, қысыңқы көздерін маған қадады»* [4, 109]. Шығармада кездесетін ақ тамақ, алтын тіс, тәмпік танау, шоқша сақал т.б. эпитеттері арқылы аламдардың сұлулығы мен қатар кемшіл тұстарынан да айқын танытады. Жалпы, жазушы кейіпкердің сыртқы бейнесіне, ажарына тамсанып қана қоймай, оның рухани әлемін де танытуды мақсат еткенін айта кету керек. Осылай бенелегенде ғана көркемдік компонент тұтас, эстетикалық деңгейі биік болатынын жазушы өте жақсы білгендіктен де осы ұстанымды берік ұстана білген.

Шығарманың шырайын келтіріп, қаламгердің өзіне тән жазу машығын айқындап көрстеуде юморлық, сарказмдық сипаттағы портреттердің орны бөлек. Ол кейіпкердің мінезін ашып көрсетудегі, толықтырудағы оңтайлы тәсіл. Мысалы:» ... *Шопыр шегір көз Шәкір екен»* [4, 6], *«Кәріс көз, ерні дүрдиген жігіт» т.б.* [4, 172]. Жазушы көзге ерекше мән береді. Себебі, көз – ішкі сезімнің айнасы, кез келген уақытта психологиялық жағдайға байланысты құбылып тұрады. Демек, сан алуан мәселенің сырын аңғартады. *«Тастыбай екі метрдей ұзын бойы екі бүктеліп ирелеңдесе де, сәл бұйраланып маңдайына жабысып қалатын бұрыл шашының ұшынан ащы тамшылар сорғаласа да, қабағын шытпады»* [3,199]. *«Ганстің өзі де, Нәтибектің өз қорытындысы бойынша, бет-әлпеті реңсіздеу, бірақ, аяғы мен қолы балғадай мықты, теректей тұзу қатыны Кильда да емен жарқын қарсы алысты, Тек Кильданың тым үшкір, ұзын мұрны үнемі түлеп, қызарып жүретін»* [3, 114] – деген оқыс сөйлемдегі суреттерден-ақ түрлі кейіпкер бейнелері езу тартқыза отыра, оқырманына астарлы ой тастап, олардың сыртқы әлпеттері іс-әрекеттерімен астасып, ұштасып жатады. Шығармада кейіпкер аттарының өзіндік юморға құрылуы да өзіндік үлкен мәнге ие. Кейіпкердің атын оның сынына байланысты етіп қою машығы Мархабатта да бар. Әсіресе, Шығарма әңгімесіндегі кейіпкерлер бейнесі сыртқы тұрпаты мен қимыл ерекшелігі өзгеше. Шығарма кейіпкері Пақырдин өзгеге ат қоюға шебер. *«Пақырдинның көзімен Пән комиссиясы төрағасын өзінше, Пән-Төрағасы деп атаған болатын. Пән-Төрағасының басы*

үлкендеу, жартылай жылтырлау. Негізінен милық маңай тұсынан жоғарыға қарай түк те жоқ, ал төменгі жағын түгел дерлік биік жаққа жұмылдырып, атиаптырым алаңқайды селеу шөппен жауып қойғандай әрекет жасаумен әбігер болады. Сол себепті сол қолы әрдайым басында» [3,132]. «Шегір көз сары бұған қарап, тесіле қадалды. Мәдениетті тұрғыда басын иіп амандасты. Ағатайын бұл Қадалған деп атады. Қадалған қайта бұрылып, қайта тесіле қарады. Жүзі жұқа сары болып келгендіктен, шегірден қоңырға табындау көзі көгілдірленіп кетеді. Сәл жымыса, мейірімді секілді» [3, 135]. «Сырбаз Сайрамбайдың ұсынысын терлеп-тепшіп әрдайым бас изейтін ұзынтұра Тастыбай да, сәл шермиген қарнын біраз бұлдайтын Шубай да қызу қолдай түскен» [3, 199] – деп, суреттелетін мысалдарды тізбектей беруге болады. «Көптің ішінен көзге түсетін дара, ерекше бейнелерді тізіп көрсетеді. Жазушы көркем бейнені ашу мақсатында астарлы түрде, күлкіге ерік бере отырып кейіпкердің ішкі әлемінен де хабардар етіп тұр. Адамның сыртқы пішіні мен ішкі әлемінің үйлесімін ұтымды көрсетеді. Қара сөздің су төгілмес үстінен сұлу жорғасы» [6] деп ақын, ғалым Бауыржан Жақып Мархабат Байғұттың шығармашылығына үлкен баға беруінің өзі аз сөзге көп мағына сыйдыра алатын талантын алға тартып, жазушы талабына бас игендей.

ТАЛҚЫЛАУ

Әдеби портрет – суреткердің қиял әлемінен, өзіндік мінезінен, жан дүниесінен хабардар етіп, қалам иесіне құнды мәліметтерді айқындауға көмектесетін көркемдік құрал. М.Байғұт шығармаларын қырық жылдан астам уақыттан бері мектеп оқушыларынан бастап, түрлі буын өкілдері, жалпы әдебиет сүйер қауым үлкен қызығушылықпен оқуының астарында жазушының қаламгерлік шеберлігі жатқандығы сөзсіз. М.Байғұт шығармашылығы туралы көрнекті жазушы Дулат Исабеков: «М.Байғұт әдебиетте өз жолын, өз қолтаңбасын, өз стилін тапқан жазушы. Мархабаттың басқалардан ерекшелігі өз кейіпкерлерінің ортасынан алыстаған емес» [7], – дейді. Демек, М.Байғұттың оқырмандары барлық көркем туындыларының шынайылығы, айтар ойының ауқымдылығы, қазақ тұрмысына терең бойлай алған шыншылдығы, бастысы қарапайымдылығы үшін сүйсініп оқиды. Әлі де болса, сүйікті оқырмандарын жоғалтпайтынына сеніміміз мол.

Жазушының шеберлікпен жасаған кез келген портреттік суреттеулері оқырманның көңілінен шыға біледі. Себебі, кейіпкерлермен бірге қуанасың, мұңаясың, сұлулығына тамсанасың таңданасың, әрекеттерін іштей бағамдап, бағалайсың. Портретті жалаң түрде суреттемей, көркем шығарманың идеясына тереңінен бойлау мақсатында толықтыра түсуге септігін тигізетін тәсіл, әрі автордың қарымды қаламының қуатты көзі. «Көркем туындыда портрет ықшамды, шағын, нақты бейнеленуі керек. Әр кейіпкердің өзіндік бет-бейнесі, тұлға-тұрпаты, киім үлгілері, ым-емеуріні, ішкі сезімі, жандүниесі шынайылығымен бейнеленгенде ғана сендіре алады»,–дейді зертеуші Ә.Тарақов көркем шығармадағы кейіпкерлер бейнесіне қатысты зерттеу еңбегінде [8, 298]. М.Байғұт портретті берудегі жазушылық ерекшеліктерінің бірі де сол – қысқалық, әрі жинақылық. Шартты орындай алған жазушылар қатарынан. Мысалы, ауылдағы Қалбибі мен Тазагүлдің сипаты: «Қалбибі біздің маңайдағы арықты шабуға ыңғайланған. Жүзі қараторы. Бет-жүзі дөңгелек, мұрны сәл келте біткен. Шашы қос бұрымға өрілген, беліне жетеді. Бір ғана кемшілігі – оң жақ бетінде, шекесіне жақын алақанның жартысындай қалы бар. Сол жағынан қарағанда өте сүйкімді, ал қалы бар оң жақ тұсынан қараса басқаша көрінеді. Әттең, мына қалы құрғырдың қалың, әрі жалпақ болып жабыса қалғанын қарашы» [9, 130]. «Қара талдың қалыңдана түскен шыбығы арасынан қарасаң, тура алдында қисық аяқ кара кемпірі тұр. Аяғына неге ғана қарадым екен, бүйіріне білегін қойып алған, әлі ашаңдау екен. Сыртынан көз салсаң, белі қыпша, талдырмаш келіншектей көрінетін Тазагүл ғой бұл. Ендігі тұрыс мынау. Көйлегінің омырауы олпы-солпы. Бет-жүзі жыра-жыра, сай-сай» [9, 163]. Кейіпкерді артықшылығы мен қатар кемшілігіне дейін қатар бейнелейді.

Адам бейнесін құрастыруда жазушы олардың бет әлпеті мен дене тұрқындағы ұлттық ерекшелікті мұқият танып, өте шебер бейнелейді. М.Байғұттың портрет жасаудағы ерекшелігі – кейіпкердің сипатын оқырманның көз алдынан елеусіз қалдырмай, жан-жақты суреттей алуында. М.Байғұт – жаны сұлу, таза жазушы. Сол себепті әсемдікті, көрікті қыз-келіншектерді молынан суреттейді. «Ерке сылқым» туындысындағы көліктің ішінен шыққан көкжасыл көйлекті ерке сылқымның бет-әлпеті, өзіне жарасқан қимылы соның дәлелі. *«Запорожецтен бір келіншек түсті. Көкжасыл көйлегі, тік келген балтыры, желке тұсына түйген шашы, жұп-жұмыр, аппақ мойын тұсына ілген үлбір-зипа шалмасы, мөлт етіп бір бұрылып қарағандағы жалқы мәрте жалт ете түскен жанары, түзу біткен әдемі мұрны, ақша маңдайдың төменгі тұсында қиылған жіңішке қас, балалардың дөңгеленген ойыншық шелегін барынша қысып ұстап алған сүйрік саусақтар – бәрі бірінен бірі өтетіндей! Ою өрнектері бар ойыншық шелекті билеткен күйі көк жасыл көйлегі желпілдеп, Шудың суына қарай еркелей кетіп барады келіншек»* [9, 195]. Ұзақ та болса, бұл портреттік суреттеу жазушы талантының шыңы деуге саяды. Әдебиет әлемінде жазушы М.Байғұт екі ғасырдың куәгері атанды. Өйткені, тәуелсіздікке дейін және кейінгі үшінші мыңжылдыққа қадам басқан қоғамда өмір сүрді. Жоғарыдағы портрет жүйесін өзіндік ерекшелігін, сонылығын ескере отыра, қазіргі ХХІ ғасыр, жаһандану кезеңінде өмір сүріп жатқан қоғамымыздағы сұлу деген атаққа ие қыздарымыздың бейнесін *«Әкімнің әйелі»* атты әңгімесінде былай суреттейді: *«Мәсхатшының әйелі сирек сымбаттанады екен. Өзі өсекті, аса ашылып сөйлегенді ұнатпайтын көрінеді. Жасырын сыры да жоқ емес сияқты. Айта қоймас. Дегенмен, жанында отырғандар, бәрібір біліп алды. Көзінен көрініп, қабағынан байқалыпты. Қиықтарын тарттыра біржолата тындырыпты. Түн баласында бақырайтып, ашып жататын сияқты, бейшара. Ұйықтап жатқанның өзінде жанарлар жұмылмайтын шығар, сірә»* [4, 166]. Айпара аймағындағы әйелдердің бет-пішіні осындай-тұғын. Жазушы жоғарыдағы көркіне көз сүріндірер қарапайым қыздардың бейнесіне мүлдем кереғар образдарды да суреттейді. Оған себеп жоқ емес, бар. Өйткені, жазушы өмір сүріп отырған қоғамда осылай көрініс тауып жатқаны өтірік емес. Сыртқы бейне арқылы қоғамдағы көзге көрінетін кемшілікті, тектілік пен тексіздікті, көргендік пен көргенсіздіктің де ара жігін ажыратып бергендей.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мархабат Байғұт прозасындағы портреттің дәстүрлі қызметі де, тың сияттары да елеулі. Мұнда кейіпкер мінезін ашудың кілті сияқты алғашқы сатылық қызметімен бірге, психологиялық детальдармен астастырыла берілетін кездері де жиі кездеседі. Жазушы портреттері түрлі детальдарға толы. Ол детальдар портреттің көркемдік қасиетін арттыруға ғана қызмет етіп қоймастан, кейіпкер психологиясынан хабар беріп, сонымен қатар, шығарма идеясымен де сабақтасады. Жазушы портрет сомдауда фольклорлық дәстүрге де жүгініп, тұрақты теңеулер мен эпитеттерді де кеңінен қолданады. Сондай-ақ жазушының кейіпкердің сыртқы келбетін сомдаудағы авторлық тың қолданыстары да, өзіндік сөзжасамдары да аз емес.

Жазушы қолданған портреттің сан алуан түрлері бар. Дегенмен де, мұнда юморлық пафосы басым түрлері молырақ. Кейіпкердің сүйкімді, ұнамды келбетін берумен қатар, ұнамсыз кейпін танытуда да жазушы юморды шебер қолданып отырады. Мархабат Байғұт портреттеріне тән тағы бір ерекшелік – олардың өзге көркемдік тәсілдермен қатар өріле қолданылатыны. Бұл қатарда, әсіресе, оның диалогпен араластыра беретінін айқын көруге болады. Диалогты беруде автор сөзі ретінде қолданылатын портреттік бейнелеулердің кейіпкер мінезін ашудағы қызметі орасан зор. Сондай-ақ авторлық баяндаудың, монологтардың ішінде де кездесетін портреттер аз емес. Бұлардың дені жазушы қолтаңбасын, шеберлігін танытатын сипаттарға ие.

Портрет образдың құрамдас бөлігі ретінде М.Байғұт шығармашылығынан маңызды орын алады. М.Байғұт кейіпкер портреттерін оқырманға бейненің мінезін ашудың бастапқы

сатысы ретінде ғана емес, оның жан күйін, психологиясымен астастыра беруге де жиі ден қояды. Суреткер көркем әдісті композициялық бірлікте, іс-әрекетті сюжетте өрістетуге үшін, кейіпкерлердің ойы мен көңіл-күйін түрлі жолдармен (авторлық баяндау, диалог, монолог т.б.) беру арқылы сырт бейне мен қатар оның бойындағы қасиеттерін, әрекеттерін, сезімін, ішкі жан әлемін қалың оқырманына жайып салады. Ол толық, дара, ситуациялық, сатиралық сияқты портреттің түрлерімен, адам келбетін жанды бейнелеуге, тәлімдік мәнін арттыруға ізденіс пен шынайы таланттың арқасында қол жеткізді. Қаламгер көркем шығармада портрет маңыздылығына аса мән беріп, әр сөзін ой елегінен өткізіп, сұрыптап, сараптап, талғам таразысына салып барып қолданатынын аңғарамыз. М.Байғұт сомдаған портреттер – жазушы шеберлігін, дара стилін танытатын бейнелеу түрлерінің ішіндегі маңыздысы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2007. – 360 б.
- 2 Юркина Л. Ю. Портрет. – М.: МГУ, 2008. – С.185–186.
- 3 Байғұт М. Шығармалар жинағы. 3 том. – Алматы: Керемет медиа, 2019. – 400 б.
- 4 Байғұт М. Шығармалар жинағы. 1 том. – Алматы: Керемет медиа, 2019. – 400 б.
- 5 Жұмалиев Қ., Қабдолов З., Ахметов З. Әдебиет теориясы. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т.15. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2013. – 412 б.
- 6 Жақып Б. Түркі дүниесінің тұлғасы болатын. – Алматы, 2022. – 15 б.
- 7 Мархабат музасы. Әңгімесі роман жүгін арқалап... Әдеби-сын мақалалар, рецензиялар, эсселер. – Алматы: Қазығұрт, 2020. – 344 б.
- 8 Тарақов Ә. Кейіпкер портретінің бейнеленуі және аудармада берілуі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы – 2015. Т.153. №1. – 297-301 бб.
- 9 Байғұт М. Шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы: Керемет медиа, 2019. – 400 б.

Материал 28.07.2023 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Kabdолоv Z. The art of words. – Almaty, 2007 – 360 p.
- 2 Yurkina L. Yu. Portret [Portrait] (Moscow, 2008)
- 3 Bajgut M. Collection of Works Volume 3. Almaty, 2019 – 400 p.
- 4 Bajgut M. Collection of Works Volume 1. Almaty, 2019 – 400 p.
- 5 Zhumaliev K., Kabdолоv Z. and Z. Ahmetov Theory of literature. Classical studies: multi-volume. T.15. – Almaty, 2013 – 412 p.
- 6 Zhakup B. He was a person of the Turkic world. – Almaty, 2022 – 15 p.
7. Markhabat's muse. The narrator talks about the novel. Ádebi-cyn maqalalar, resenziarlar, ecceler. – Almaty, 2020 – 344 p.
- 8 Tarakov Ä. Kejipker portretinin bejnelenui zhane audarmada berilui [The image of the portrait of the character and the transfer in translation], QazUÝ Habarshysy. Filologia seriasy [KazNU Bulletin. Philology Series], 1 (153), 297-301 (2015)
- 9 Bajgut M. Collection of Works Volume 2. Almaty, 2019 – 400 p.

Художественная роль портрета в произведениях Мархабата Байгута

Б.Б.Тагудретова¹, Ж.Т.Кадыров²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

²Северо-Казахстанский университет им. М.Козыбаева, Петропавловск, 150000, Республика Казахстан

В статье проводится комплексный анализ мастерства писателя Мархабата Байгута в создании портретов. В мировом литературном развитии портрет становится

все более сложным и со временем приобретает все большую психологическую глубину. В произведениях Мархабата Байгута портрет играет большую роль в раскрытии характера персонажа. Наряду с традиционными чертами, характерными для портрета в целом, есть много отличительных черт, свойственных стилю писателя.

Цель научного исследования состоит в том, что портреты в произведениях писателя должны не только описывать внешний облик персонажа, но и позволить читателю глубже узнать героя, войти в его внутренний мир, понять суть его поступков, выявить замысел автора, стать художественным средством, открывающим путь к познанию персонажа. Кроме того, была поставлена цель определения эмоционального воздействия и языковой таблицы портретных описаний. Научная и практическая значимость статьи определяется тем, что она создает возможности для дальнейшего углубленного изучения произведений М. Байгута, может быть использована в учебном процессе. В исследовательской работе использованы общенаучные методы анализа, проведен обзор работ отечественных ученых, приняты во внимание их точки зрения. Было высказано предположение, что произведения писателя, наполненные оригинальными темами, идеями, высказываниями и художественным содержанием, являются объектами научной системы. Анализ места портрета в творчестве Мархабата Байгута, несомненно, вносит вклад в расширение теории стиля и языковой культуры в области литературоведения.

Ключевые слова: художественная проза, портрет, виды портретов, автор, художественный образ, стиль, характер, портретная детализация.

Материал поступил в редакцию журнала 28.07.2023

Artistic activity of the portrait in the works of Marhabat Baigut

B.B. Tagudretova¹, Zh.T.Kadyrov²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Kazakhstan

²M.Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, 150000, Kazakhstan

The article analyzes the skill of drawing portrait of the writer Marhabat Baigut. Portraits in the prose by Marhabat Baigut deserve attention as the works of the writer are characterized by everyday themes, everyday life, the simplicity and unexpectedness of artistic means. The portrait, which is considered as a means of visually expressive depiction of a character and the disclosure of his/her psychological world, occupies a large place in the world of fiction. In the world literary development, the portrait is becoming more and more complex and, over time, acquires more and more psychological depth.

In the works of Marhabat Baigut, the portrait plays an important role in revealing the nature of the character. Along with the traditional features characteristic of the portrait as a whole, there are many distinctive features inherent to the style of the writer.

The purpose of the scientific research is that portraits in the writer's works should not only describe the appearance of the character, but also allow the reader to get to know the character more deeply, enter his inner world, understand the essence of his actions, reveal the author's intention, become an artistic tool that opens the way to knowledge of the character.

In addition, the goal of the article was to determine the emotional impact and the language table of portrait descriptions. The scientific and practical significance of the article is determined by the fact that it creates opportunities for further in-depth study of the works of M. Baigut and can be used in the educational process.

In the research work, general scientific methods of analysis were used, a review of the works of domestic scientists was carried out, their points of view were taken into account. It was suggested that the writer's works, filled with authentic themes, ideas, statements and artistic content, are objects of the scientific system. An analysis of the place of the portrait in the work of Marhabat Baigut undoubtedly contributes to the expansion of the theory of style and linguistic culture in the field of literary science.

Key words: fiction, portrait, types of portraits, author, artistic image, style, character, portrait detailing.

Received: 28.07.2023

МРНТИ 16.21.29

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss3pp121-130](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp121-130)

Ж.Г. Темирова

Кокшетауский университет им. Ш.Уәлиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

**ОБРАЗ КАЗАХСКОЙ ЛИНГВОКУЛЬТУРЫ
В ВОСПРИЯТИИ ЧИТАТЕЛЕЙ
ТРАНСЛИНГВАЛЬНОЙ КАЗАХСТАНСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
(ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СВОБОДНОГО АССОЦИАТИВНОГО ЭКСПЕРИМЕНТА)**

Статья посвящена изучению восприятия транскультурной русскоязычной литературы. Рассматривается концепт «Музыка» как образ казахской лингвокультуры, объективированный в романе казахстанского писателя-билингва Роллана Сейсенбаева «Мертвые бродят в песках». Анализируются репрезентанты концепта «Музыка» в лексико-фразеологической системе русского языка на основе лексикографических источников, а также специфичные вербализаторы данного концепта в художественном дискурсе казахстанского автора. Приведены результаты психолингвистического эксперимента, охарактеризован ассоциативный слой художественного концепта «Музыка», возникающий в сознании потенциальных читателей произведений Р.Сейсенбаева, для которых, как и для самого автора, характерно транскультурное восприятие действительности.

Ключевые слова: транскультурность, образ казахской лингвокультуры, концепт «Музыка», писатель-билингв.

ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

В наши дни термин «транскультурность» вошел в метаязык целого ряда научных направлений, развивающихся в антропоцентрической парадигме и изучающих состояние современного социума, для которого характерно взаимодействие и взаимопроникновение различных культур. Так, процесс диалога культур, отражающийся в языковой и художественной картинах мира, является актуальным предметом изучения филологической науки. В частности, в настоящее время активно изучается синтез «своего» и «чужого» этнокультурного содержания в произведениях писателей, творящих на стыке национальных литератур.

Одним из эффективных подходов к изучению специфики транскультурной литературы, на наш взгляд, является комплексное исследование образов национальной лингвокультуры, которые представляют собой закрепленные в знаках языка образы культуры, несущие в себе национально-культурные, социально-исторические, морально-этические, философско-эстетические, аксиологические смыслы. Кроме того, вслед за известными учеными-лингвокультурологами (Ю.С. Степанов [1], В.И. Карасик [2]) мы соотносим понятие «образы лингвокультуры» с понятием «концепт». Однако, по нашему мнению, следует отметить, что данные понятия не вполне тождественны, поскольку каждый образ национальной лингвокультуры эксплицирует соответствующий концепт, но не каждый концепт, включает в себе лингвокультурный образ, характерный для какой-либо национальной картины мира.